



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№6 (2009) 9 АҚПАН 2026 ЖЫЛ



Пәкістанда Әл-Фараби орталығы ашылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифтың қатысуымен Исламабад қаласындағы Каид-и Азам университетінде Әл-Фараби орталығы ашылды.



Әл-Фараби орталығы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Каид-и-Азам университеті арасындағы ынтымақтастық шеңберінде іске қосылып отыр. Ғимарат оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен, сонымен бірге заманауи компьютерлік құрал-жабдықтармен, жиһазбен қамтылған. Орталық базасында қазақ тілі курстары ұйымдастырылмақ.

Ашылу рәсіміне ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Пәкістанның білім беру және кәсіптік даярлау министрі Халид Мабул Сиддики, Каид-и Азам университетінің ректоры, профессор Нияз Ахмед, ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысты.

Іс-шара барысында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Әл-Фараби орталығының ашылуы Қазақстанның ғылыми-білім беру кеңістігін халықаралық деңгейде ілгерілетудегі маңызды қадам екенін атап өтті.

Пәкістанның білім беру және кәсіптік даярлау министрі Халид Мабул Сиддики Қазақстан мен

Пәкістан арасындағы жоғары білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастығын жоғары бағалап, алдағы уақытта серіктестік жаңа бағытта дамитынына сенім білдірді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев ашылып отырған Әл-Фараби орталығы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Пәкістанға ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтың нақты нәтижесі екенін айтты. «1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде құрылған Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы отыз жылдан астам уақыт бойы фарабитану ғылымын дамытуға, қазақ және шығыс философиясын әлемге танытуға елеулі үлес қосып келеді. Бұл игі дәстүр бүгін достас Пәкістан елінде жалғасын табуда. ҚазҰУ орталықтың материалдық-техникалық базасын толық жасақтап, оқу және ғылыми аудиторияларды, компьютерлік және кеңсе

бөлмелерін жабдықтады», – деді Жансейіт Түймебаев.

Ашылу салтанатында профессор Нияз Ахмед орталықтың тиімді жұмыс істеуі үшін Каид-и Азам университеті тарапынан барлық қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Аталған орталық Қазақстанның рухани-мәдени құндылықтарын халықаралық деңгейде кеңінен насихаттауға, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту мен оның танымалдығын арттыруға басымдық береді. Орталықта шетел азаматтары үшін арнайы қазақ тілін үйрететін курстар ұйымдастырылып, Қазақстанның мәдени мұрасын зерделеуге бағытталған мәдени-білім беру іс-шаралары, семинарлар мен ғылыми конференциялар өткізіледі. Бұған қосымша, орталық серіктес елдердің жетекші білім беру және ғылыми ұйымдарымен әріптестік байланысты нығайту бағытында жұмыс істейді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Парламент депутаттарының қатысуымен академиялық тыңдаулар өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған академиялық тыңдаулар өтті. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Үнзила Шапақ, Ермұрат Бапи, Ерлан Саиров, судьялар, мемлекеттік органдардың өкілдері, академиялық қауымдастық мүшелері, жетекші заңгер-ғалымдар, сондай-ақ конституциялық құқық саласындағы тәжірибелі адвокаттар мен сарапшылар қатысты.

Дөңгелек үстел отырысын ҚазҰУ заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов ашып, жаңа Конституция жобасының мазмұндық әрі идеялық өзегі преамбулада айқын көрініс тапқанын жеткізді.

Академиялық тыңдауда мемлекеттік биліктің конституциялық негіздерін нығайту, адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін кеңейту және қазіргі қоғамдық-саяси өзгерістер жағдайында құқықтық институттардың рөлін арттыру мәселесі қарастырылды.

Жиында депутат Үнзила Шапақ Конституциядағы өзгерістер азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталғанын айтты.

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи өз сөзінде жаңа Конституция жобасын талқылау қоғам үшін айрықша маңызды кезең екенін атап өтті.

Академиялық тыңдаулар кезінде заңғылымының докторы, профессор Алуа Ибраева, заң ғылымының кандидаты, профессор Лейла Күлтемірова, Алматы қаласы Алатау ауданының судьясы Талғат Дәулетниязов баяндама жасады.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



2-бет

Конституциялық реформа – азаматтық қоғамға бетбұрыс



4-бет

Нұрлан АҚҚОШҚАРОВ:
Ел мүддесі – дипломат қызметінің басты өлшемі



6-бет

Наследие профессора Шабиковой



Конституциялық реформа – азаматтық қоғамға бетбұрыс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-ші және 34-баптары мемлекеттің әлеуметтік және экологиялық дамуының іргелі негіздерін айқындай отырып, елдің орнықты, гуманистік және құқықтық даму жолын таңдағанын көрсетеді.

Базалық білім деңгейін қамтамасыз ету жауапкершілігін айқындайды



33-бап білім алу құқығына конституциялық кепілдіктерді бекітеді. Білім беру қоғамның негізгі әлеуметтік институты әрі адами капиталды қалыптастырудың шешуші факторы ретінде қарастырылады. Бастауыш және орта білімнің міндетті болуы халықаралық стандарттарға сай келіп, мемлекеттің халықтың базалық білім деңгейін қамтамасыз ету жауапкершілігін айқындайды. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында жоғары білімді конкурстық негізде алу қағидаты меритократия мен тең қолжетімділік идеяларын іске асыруға бағытталған. Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының белгіленуі білім беру бағдарламаларының сапасы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Ал білім беру жүйесінің

зайырлы сипаты дін мен мемлекеттің бөлінуі қағидатын сақтай отырып, қоғамның рухани әралуандығын құрметтеуді білдіреді.

34-бап экологиялық жауапкершіліктің конституциялық-құқықтық өлшемін ашады. Бұл бапта азаматтардың міндеттері мен мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсатты функциясы өзара үйлесімді түрде ұштасқан. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарау міндетінің Конституцияда бекітілуі экологиялық қауіпсіздіктің тек мемлекеттік билік органдарының ғана емес, сондай-ақ әрбір азаматтың жауапкершілік саласы екенін көрсетеді. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпаратты лауазымды тұлғалардың жасыруы үшін жауапкершілік көзделуі ашықтық, есептілік және адам құқықтарының басымдығы қағидаттарын күшейтеді.

Жалпы алғанда, аталған конституциялық нормалар жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының ұмтылысын айқын көрсетеді. Бұл тұрғыда білім беру мен экологиялық қауіпсіздік елдің орнықты болашағының өзара толықтыратын негізгі тіректері ретінде танылады.

Нұрсұлу АҚТАЕВА,
Ботаника және агроэкология кафедрасының профессоры

Ашық қоғам және адами капитал тірегі

Биылғы саяси реформа аясында Ата заңға өзгерістер енгізіліп, қоғамда қызу талқыланды. ҚР Конституциясының 1-бөлім 3-бабының 1-тармағындағы: «Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: егемендік пен тәуелсіздікті қорғау, адам құқығы мен бостандығын сақтау, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті бекемдеу, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру, қоғамдық диалогты дамыту, еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту, тарихи-мәдени мұраны сақтау, төл мәдениетті қолдау» деп көрсетілгенін бәріміз жақсы білеміз. Демек, ел тәуелсіздігін қорғау – әрбір азаматтың парызы.

Мемлекет тірегі адам болғандықтан, олардың құқығы мен бостандығын сақтау, халықтың жағдайын жақсарту, қоғамда заң мен тәртіп үстемдігіне қол жеткізу еліміздің мойнына алған міндеті деген пікірдемін. Сол сияқты жаңа Конституция жобасындағы: «Қазақстан Республикасы адам капиталын, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты» деп тануының өзі келешегіміздің кепілі.

Қазіргі жаһандану жағдайындағы білім мен ғылымды, заманауи инновацияны дамыту мемлекет саясатының құқықтық негізі десек, артық айтқандық емес. Білім алуға тең қолжетімділік, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, тұлғаның шығармашылық әлеуетін қолдау, білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін арттыру, цифрлық және академиялық дағдыларды дамыту, өмір бойы білім алу қағидаттарын енгізу бағытындағы өзгерістер қазіргі заман талаптарына жауап береді. Біз де өз тарапымыздан осы са-



лаларды дамытуға үлесімізді қосып жатқанымызды мақтан тұтамыз.

Жаңа Конституция жобасы әділетті, ашық қоғам қалыптастыруға ықпалды әрі ел мүддесін жоғары қоятын стратегиялық құжат болатынына сенімдімін.

Шолпан ҚҰДИЯРОВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының доценті м.а., PhD

«Ел болам десең – бесігіңді түзе» дегендей, мемлекет дамуы ең алдымен қоғамның ауызбіршілігіне байланысты екенін бәріміз жақсы білеміз. Елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформа – заңды өзгерту ғана емес, елдің өз болмысына қайта қарауы. Халықтың пікірін тыңдап, ұсынысын ескеріп қабылданған шешімдер «ақыл – көпте» деген ұстанымның өмірде іске аса бастағанын көрсетеді. Бұл билік пен бұқараның арасы жақындап, ел ісі екеуара ақылмен шешілуге бет алғанының белгісі.

Ата заңды өзгерту ғана емес, болмысты қайта қарау

Бұрын Конституцияға үлкенді-кішілі түзету енгізу үйдің бір қабырғасын жамғанмен тең еді. Ал бүгінгі өзгерістер бүкіл құрылымды қайта қарауды көздейді. Бұл қоғамды бөлшектеп емес, біртұтас ағза ретінде қабылдауға ұмтылыс. «Жалғыз ағаш орман болмайды» дегендей, заң да жеке нормалармен емес, өзара сабақтас жүйе арқылы ғана елге қызмет етеді.

Жаңа Конституцияда адамға айрықша мән берілуі – «Адам түзелмей, заман түзелмейді» деген тәмсілдің заң жүзінде бекітілуі. Азамат енді тек қамқорлық күтуші емес, ел өміріне араласатын, жауапкершілік арқалаған тұлға ретінде танылады. Мемлекет азаматқа білім алып, еңбек етіп, өз орнын табуына жағдай жасаса, азамат елдің тыныштығы мен бірлігіне үлес қосуы тиіс. Бұл екі жаққа да ортақ міндет.

Адамды тегіне, тіліне, дініне немесе әлеуметтік жағдайына қарап алалауға жол бермеу – «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген қағиданың нақты көрінісі. Осындай теңдік сақталған ортада ғана қоғам іргесі берік болады, ал алауыздыққа жол берілген елдің болашағы бұлдыр.

Мемлекеттік құрылым атауларының



өзгеруі де жай сөз ауыстыру емес. Бұл биліктің халықтан биік емес, халыққа қызмет ететін құрал екенін ұғындыруға бағытталған. «Хан қасында халық болмаса, хандықтың сәні жоқ» дегендей, билік те ел сенімінсіз мәнін жоғалтады. Ал халықтың ел басқару ісіне араласуына жол ашылуы демократияның сөз жүзінде емес, іс жүзінде орныға бастағанын білдіреді.

Аружан САЙМАСЕВА,
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушысы, PhD

ҚР жаңа Ата заңы жобасының жариялануы елдің саяси, құқықтық және қоғамдық дамуындағы айрықша маңызды кезең ретінде бағаланып отыр. Бұл құжат тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолындағы жинақталған тәжірибені ескере отырып, заман талабына сай жаңартылған құқықтық негіз қалыптастыруды көздейді.

Жаңа Конституция қоғам сұранысына жауап беруі тиіс

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, азаматтардың белсенділігінің артуы және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі жаңа Ата заң жобасын әзірлеуге негіз болды.

Жаңа жоба ең алдымен адам және азамат құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған. Құжатта заң үстемдігі, әділдік пен теңдік қағидаттары басты орын алады. Мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының жауапкершілігін арттыру, олардың өзара тепе-теңдігі мен тежемелік тепе-теңдік жүйесін нақтылау маңызды басымдықтардың бірі ретінде көрсетілген. Бұл өз кезегінде биліктің халық алдындағы ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жаңа Ата заң жобасында азаматтық қоғам институттарын дамытуға, жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтуға ерекше назар аударылған. Азаматтардың ел басқару ісіне тікелей қатысу тетіктерін кеңейту, қоғамдық бақылау мен пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру – демократиялық дамудың берік негізі. Әлеуметтік әділеттілік, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді серіктестік те құжаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Жаңа Ата заң жобасын бүкілхалықтық



талқылауға шығару – демократиялық қағидаттарға адалдықтың айқын көрінісі. Бұл әрбір азаматтың өз ойын еркін білдіріп, ел болашағын айқындайтын маңызды құжаттың қалыптасуына үлес қосуына мүмкіндік береді. Жаңа Ата заң Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, ұлттық бірлік пен тұрақтылықты нығайтуға қызмет етеді.

Мадияр ҮМБЕТОВ,
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

Конституционная модернизация – прочный фундамент для будущего

Поскольку проект Конституции Республики Казахстан требует достаточно глубокого осмысления, то считаю возможным рассмотреть его положения, имеющего достаточно важное значение с точки зрения осуществления правосудия в Казахстане с их уточнением в последующих конституционных законах страны. Изложенный ниже материал исходит из собственного видения регламентации построения Основного закона РК, с учетом ранее высказанных учеными, государственными и общественными деятелями, а также заинтересованными лицами предложений и замечаний.

Правосудие и нормы проекта Основного закона

Прежде всего, в связи с рассмотрением предложенных норм, затрагивающих вопросы осуществления правосудия, следует задаться вопросом: какие органы должны его осуществлять и насколько верно это отражено в предлагаемом варианте проекта Основного Закона. С учетом данного обстоятельства непроизвольно возникает другой вопрос, а именно: неужели Конституционный Суд РК выходит за пределы осуществления правосудия в нашей стране?

Об этой позиции конституционной комиссии свидетельствует тот факт, что предлагаемые в проекте разделы VII «Конституционный Суд» и VIII «Правосудие. Прокуратура. Правозащитные механизмы» оказались на разных позициях. Подобное построение данных разделов проекта удивляет, учитывая наличие опытных юристов в названной комиссии. По моему мнению, данные разделы должны быть объединены в единый под общим названием «Правосудие». Соответственно в разделе должна быть предложена единая судебная система, отдельно рассматривающая полномочия Конституционного Суда РК, Верховного и нижестоящих судов РК, а также деятельность иных правоохранительных органов. Далее, отдельного рассмотрения требует централизованная система прокуратуры, во главе с Генеральной прокуратурой Республики Казахстан и нижестоящими органами, вплоть до прокуратуры районов. При этом каждая структура должна иметь соответствующие полномочия, включая прокуроров и порядка их назначения.

Из статьи 84, на мой взгляд, следует исключить положение, что прокуратура «от имени государства осуществляет уголовное преследование». Ее основной функцией должны стать в установленных законом пределах и формах высший надзор и контроль за соблюдением законности на территории Республики Казахстан и представлять интересы государства в суде. В ином случае мы имеем дело с тем, что прокуратура, не имея всех полномочий по уголовному преследованию (чем фактически наделены органы дознания и следствия), фактически мешают полноценному раскрытию и расследованию преступлений. Кстати, это сторона – деятельность органов следствия и дознания, полностью

ратурой Республики Казахстан и нижестоящими органами, вплоть до прокуратуры районов. При этом каждая структура должна иметь соответствующие полномочия, включая прокуроров и порядка их назначения.



упущена в предлагаемом проекте Основного Закона РК, как, впрочем, и сфера оперативно-розыскной деятельности, затрагивающая основополагающие права и интересы граждан и юридических лиц. И наконец, норма, предполагающая деятельность адвокатуры. При анализе данной нормы (статья 86) конституционная комиссия предпочла обойтись лишь общими словами, указывая при этом на возможность принятия закона. Этим самым в проекте проигнорирован принцип состязательности, без которого процессуальное право теряет в правосудии изначальный смысл. При этом не будем забывать, что Основной Закон – это закон прямого действия и именно в этом случае нормам адвокатуры следовало бы придать должный характер, как это прописано в проекте «органам уголовного преследования».

Надеюсь, что при доработке новой редакции проекта вышеизложенные предложения будут учтены конституционной комиссией и законодателями.

Каримжан ШАКИРОВ,
профессор кафедры
международного права
факультета международных
отношений



Опубликован проект нового Основного закона страны. 21 января была создана Конституционная комиссия. В ее состав вошли 130 человек из числа членов Национального курултая, известных правоведов, должностных лиц центральных госорганов, руководителей СМИ, председателей м аслихатов, представителей региональных общественных советов, экспертного и научного сообществ.

Новый этап в обновлении Конституции РК

В ходе рабочего процесса члены Комиссии детально рассмотрели предложения в Основной закон, которые затронули все разделы и 77 статей, что составляет 84% текста. Актуально, что изменения Основного закона РК направлены на повышение человекоцентричности государства, отражение актуальных ценностей и принципов народа Казахстана, а также повышение эффективности структуры политических институтов республики. Идеи, которые близки и важны для каждого гражданина нашей родины:

Единство и солидарность, межэтническое и межконфессиональное согласие определены как фундамент государственности Казахстана. Суверенитет и Независимость, унитарность, территориальная целостность отнесены к категории неизменных ценностей. Такие принципы, как Справедливость, Закон и Порядок, бережное отношение к природе, впервые закреплены на уровне Конституции и дают уверенность в процветании нашего государства. Для интеллигенции особо близки идеи нового текста Основного закона об



образовании и науке, культуре и инновациях. Это принципиально важный поворот, подчеркивающий, что будущее государства определяется не минеральными ресурсами и природными богатствами, а человеческим капиталом и достижениями граждан. Также важнейшей смысловой линией отмечена цифровизация. В этой связи в новом тексте Конституции впервые закреплена норма о защите прав граждан в цифровой среде.

Сауле НАРЕНОВА,
доцент кафедры
физической химии,
катализа и нефтехимии

Реформа усиливает значение образования

Реформа не разовая политическая инициатива, а системный этап трансформации государства, направленный на укрепление правовых основ, повышение устойчивости институтов власти и формирование зрелых механизмов общественного участия. В условиях глобальной нестабильности, технологических сдвигов и усложнения социально-экономических процессов именно обновленная Конституция задаёт долгосрочный вектор развития страны.

Ключевая ценность реформы заключается в том, что она усиливает реальный баланс между ветвями власти, повышает роль парламентских и судебных механизмов, а также закрепляет приоритет прав и свобод граждан не декларативно, а на уровне институциональных гарантий. Это критически важно для форми-

рования доверия между обществом и государством, без которого невозможны ни устойчивое развитие, ни модернизация.

С экспертной точки зрения особенно значимым является то, что конституционные изменения создают прочную основу для развития человеческого капитала и современной сис-



темы образования, повышения качества государственного управления и ответственности принимаемых решений, научно-технологического прогресса и внедрения инноваций,

сбалансированного регионального и территориального развития, укрепления принципов справедливости, прозрачности и подотчётности.

Обновлённые конституционные подходы создают условия для перехода от формального усвоения знаний к осознанному формированию компетенций, необходимых для жизни и профессиональной деятельности в правовом, технологически развитом государстве. Это особенно важно для подготовки педагогов, исследователей и управленцев, которые в дальнейшем транслируют конституционные ценности через образовательный процесс.

Поддерживая конституционную реформу, я рассматриваю её как инвестицию в будущее Казахстана – государства, ориентированного на знания, справедливые институты и устойчивое развитие. Успех этих преобразований во многом будет зависеть от того, насколько активно и профессионально общество включится в их осмысление и реализацию.

Именно поэтому я считаю важным не только поддерживать реформу, но и участвовать в её экспертном сопровождении, формируя культуру правового мышления, ответственности и долгосрочного стратегического взгляда на развитие нашей страны.

Мадияр КАДЫЛБЕКОВ,
ст. препод. кафедры географии,
землеустройства и кадастра

Нұрлан Аққошқаров – ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің алғашқы түлектерінің бірі. Университет қабырғасынан түлеп ұшқалы отыз жылдан астам уақыт ішінде ол дипломатиялық қызметтің түрлі жауапты сатыларынан өтті. Ұзақ жылдар бойы Шанхай ынтымақтастығы ұйымы хатшылығы жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігінің басшысы болып қызмет атқарды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Шанхай қаласындағы бас консулы қызметін атқарып келеді. Бүгінгі сұхбатта ол университеттегі студенттік жылдарын, қытайтанушы маман әрі дипломат ретінде қалыптасу жолын, сондай-ақ өмірлік ұстаздары туралы ой-пікірлерімен бөліседі.

– Нұрлан Советұлы, шығыстанушы, қытайтанушы мамандығын таңдауға не себеп болды?

– Әрбір адамның өмірлік жолында кездесетін, тағдырына әсер ететін маңызды шешім қабылдауға ықпалды жандар болады. Алдымен ата-анам тоқталып кеткім келеді. Менің әкем Совет Аққошқаров «Социалистік Қазақстан» газетінің журналисі болып қызмет істеп жүрген кезде, Жезқазған қаласына барған бір іссапарында жол апатынан қайтыс болған еді. Мен ол кезде жергіектегі баламын, анашым Тұрсынқұл Жаңбырбайқызы әкеміздің артында қалған ұл мен қызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп, адам қылып, біздің алғашқы өмірлік ұстазымыз бола білді. Анам маған үнемі «әкең сенің тарихшы болғаныңды қалайтын еді, тарих факультетіне дайындал» деп кеңес беретін. Дегенмен мен мектеп бітірген жылы әкемнің көзін көрген құрдастарының бірі, ҚазМУ-дың филология факультетінің профессоры Мырзатай Серғалиұлы ағай маған «балам, қазір университетте шығыстану факультеті ашылып жатыр, еліміз шығыстанушы мамандарға қат, осы факультетке бағынды сынап көр» деп жол сілтеген еді. Одан қалды, анамның жан досы, еліміздің белгілі қоғам қайраткері, қазақ тілінің жанашыры Асылы Осман апай да өпкем екеуіміздің рухани ұстазымыз бола білді, ғылымға деген құштарлығымызды оята білген өміріміздегі маңызды жан деп білемін. Менің дипломатияға бет бұруыма әсер еткен тағы бір адам – әкемнің көзін көрген азамат Оразай Батырбеков. Еліміздің қоғам қайраткері, белгілі ғалым ағамыз өзінің өмірлік бай тәжірибесімен бөлісіп, бізге деген ақыл-кеңесін аямайтын.

– Университет қабырғасындағы студенттік шақтырыңыз туралы айта кетсеңіз. Тұлға, маман ретінде қалыптасуда қандай ұстаздардың орны ерекше болды?

– 1989 жылы Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебін үздік тамамдаған соң, қандай оқуға түсемін, болашақта кім боламын деген әрбір жас түлектің жадында туындайтын маңызды сұрақ мағанда тән болды. Мектепті бітірген соң, ата-анамның, рухани ұстаздарымның кеңесімен шығыстану факультетінің қабылдау комиссиясына құжаттарымды тапсырдым. Бағыма орай, қабылдау сынақтарын сәтті тапсырып, факультеттің қытай филологиясы бөліміне оқуға қабылдандым. Университет қабырғасында жүріп, егемен еліміздің шығыстану ғылымының іргетасын қалаушы Әбсаттар Дербісәлі, Кеңес Қожахметов, Әбдуғали Чупеков,

Клара Хафизова секілді ағай-апайларымыздан дәріс алу барысында бұл ғылым салаларына қызығушылығым ерекше артты. Сол жылдары бізге шығыстану, қытайтану бағытындағы түрлі пәндерден сабақ берген Нұржамал Алдабек, Мәди Нұрсаидов, Дүкен Мәсімхан, Шара Таңжарыққызы және Қытайдан келген профессорлар Ли Цзинь, Ма Шучин секілді

Нұрлан АҚҚОШҚАРОВ, Қазақстан Республикасының Шанхай қаласындағы бас консулы:

Ел мүддесі – дипломат қызметінің басты өлшемі

ұстаздарымыз бізді маман әрі тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыруға күш салып бақты. Барлық ұстаздарыма алғысым шексіз! Кейінірек, Қытайға тілдік тағылымдамадан өту барысында ғасырлар бойы шекаралас бұл елдің тілін, тарихын, мәдениетін тереңірек тануға, зерттеуге мүмкіндік алдым. 90-жылдардың орта шенінде енді егемендік алған төл мемлекетімізге шығыс тілдерін терең меңгерген мамандар қат болғандықтан, өзіммен бірге оқыған сабақтастарым секілді мен де дипломатия, сыртқы саясат саласына бет бұрдым. Десе де, менің шығыстанушы мамандығын таңдауыма ерекше әсер еткен фактор – Шығыс елдерінің мәдениеті мен өнеріне деген сүйіспеншілік десе, еш қателеспес едім. Мәдениет – адам санасына әсер ететін, халықтар арасын жақындастыратын ең пәрменді құндылық деп есептеймін.

– Қытай тілі әлемдегі ең қиын тіл деген қалыптасқан пікір бар. Осы пікірмен келісесіз бе? Тілді үйрену жолында қандай қиыншылыққа кездестіңіз, қалайша еңсердіңіз?

– Қытай тілінің қиындығы, ең алдымен, оның иероглифтік жазу жүйесіне байланысты. Алфавиттік тілдерде әріптерді меңгеріп алған соң, мәтінмен еркін жұмыс істеуге болады. Ал қытай тілінде сөздік қор жаңа иероглифтерді, яғни таңбаларды үздіксіз жаттау арқылы ғана кеңейеді. Қытай тілін күрде-

лендіретін тағы бір ерекшелік – иероглифтердің дыбысталу жүйесі. Төрт тонға негізделген бұл фонетикалық жүйе шетелдіктер үшін ең қиын тұстардың бірі. Дыбыстаудағы болмашы айырмашылықтың өзі сөз мағынасын өзгертіп жібереді. Соған қарамастан, мен өмірде қытай тілінде қытайлықтардан көп сөйлемейтін шетелдіктерді көп кездестірмеймін. Бұл жайт «ешкімнің тісі батпайтын қытай тілі» деген түсініктің миф екенінің дәлеліндей. Үздіксіз еңбек, тілдік ортада тағылымдамадан өту және тұрақты практика – қытай тілін еркін меңгерудің ең тиімді жолы. Өзіме келер болсам, сөздік қорымды жүйелі түрде кеңейту үшін қытай тіліндегі БАҚ материалдарын, кітаптар мен публицистикалық мәтіндерді тұрақты оқимын, ал иероглифтерді ұмытпау үшін оларды әлі күнге дейін дәптерге жазып жаттығамын. Дипломатиялық жұмыс аудармамен тікелей байланысты болғандықтан, көзіме ілінген әрбір сөйлемді жадымда бірден қазақ не орыс тілдеріне аударып отырамын. Бұл, алдымен, миды шынықтырады, екіншіден, маман ретінде дамудың сара жолы деп білемін. Менің ойымша, қытайтанушы мамандарды қытай тіліндегі «Хуо дао лао, сюэ дао лао» деген сөзбен сипаттауға болады, яғни бұл мамандық өмір бойы үздіксіз үйренуді талап етеді.

– Қытайдың қазіргі экономикалық және саяси

даму бағыты Қазақстанмен қарым-қатынасқа қалай әсер етіп жатыр деп ойлайсыз?

– Бұл – бүгінгі таңда жиі талқыланып жүрген күрделі сұрақтардың бірі. Оған бір ғана сұхбат аясында толық жауап беру мүмкін емес. Қытайдың қазіргі саяси және экономикалық дамуы Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге ықпал етіп отырғаны баршамызға айқын нәрсе. Бұған Қытай халқы санының көптігі және ХХІ ғасырда жаһандық экономикада жетекші орындардың біріне шығуы басты себеп болып отыр. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қытайдың ішкі және сыртқы саясатын, экономикалық хал-ахуалын терең білуі екі ел арасында өзара тиімді әрі прагматикалық ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік беріп келеді. Көрші елмен тату-тәтті әрі тұрақты қарым-қатынас орнату екі тарап үшін де маңызды деп білемін. 2026 жылдың 3 қаңтарында Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 34 жыл толды. Алайда екі ел арасындағы дипломатиялық байланыс тек осы кезеңмен шектелмейді. Тарихи деректер оның тамыры сақ пен ғұн дәуірінен, Алтын Орда мен Қазақ хандығы кезеңінен бастау алатынын дәлелдеп отыр. Абылай хан тұсында Цин әулетінің билеушісі Цянлұң дәуірінде Қазақ хандығы Қытайға бірнеше ондаған елшілік жі-

бергені тарихи жазбаларда мәңгі тіркеліп қалған. Қытай тілінде «Юань цинь бу жу цзинь линь» деген мақал бар, оның мәні – «алыстағы туғаныңнан жақын тұрған көршің артық». Осы тұрғыдан алғанда, көрші елдің қарқынды дамуы Қазақстан үшін де оң мүмкіндіктер әкелетіні сөзсіз.

– Дипломатқа қандай кәсіби дағды мен мәдени құзырет маңызды деп санайсыз?

– Дипломат – өз елінің айнасы. Сондықтан бұл қызмет жоғары жауапкершілік, сабыр және көпжылдық тәжірибені талап етеді. Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан заманда дипломат үшін маңызды дағдылардың бірі – ақпаратты сараптай білу, жалған мәліметті ажыратып, жағдайды дұрыс бағалау. Сонымен қатар жергілікті тілді, мәдениет, салт-дәстүрді түсіну кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі. Бүгінде дипломатия тек екіжақты форматпен шектелмей, көпжақты қатынастар жүйесіне ұласты. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын іске асыру үшін дипломаттар кең ойлайтын, жан-жақты әрі білімі сапалы, заманауи сын-қатерлерге бейімделе алатын мамандар болуы тиіс деп ойлаймын. Осы талаптар мен кәсіби ұстанымдар менің еңбек жолымды да айқындады. 1994 жылы университетті тамамдаған соң, ҚР Сыртқы істер министрлігінің жолдамасымен дипломатиялық қызметке кірістім. Көп ұзамай ҚХР Сыртқы істер министрлігіне қарасты Дипломатиялық академияда біліктілікті арттыру үшін Бейжің қаласына бардым. Жолға шығар алдында сол кездегі ҚР сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев менімен арнайы сұхбат жасап, кәсіби тұрғыда пайдалы кеңестер берген болатын. Менің дипломат ретінде қалыптасуыма жөн сілтеген өмірлік ұстазымды ерекше мақтан етемін.

– Шығысты, Қытайды зерттегісі келетін және дипломат болуды армандайтын жас мамандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Шығысты, соның ішінде Қытайды зерттегісі келетін әрбір жас, ең алдымен, өз елінің тарихын терең біліп, ана тілі мен ұлттық мәдениетіне қанық болуы қажет. Себебі көптеген Шығыс мемлекеттерін зерттеу барысында олардың тарихындағы түркі өркениетінің ерекше орнын байқауға болады. Дипломатия саласында отыз жылға жуық тәжірибе жинақтай отырып, бір нәрсеге көзім жетті: кәсіби деңгейі жоғары дипломат болу үшін шет тілін меңгеру жеткіліксіз. Тілді үйренумен қатар, түрлі елдің мәдениетін терең зерттеу, өткен замандардағы тарихын білу аса маңызды. Өйткені бүгінгі әлемдік үдерістер өткендегі тарихи оқиғалармен тығыз сабақтасып, соның негізінде дамып келеді. Жас шығыстанушылар мен болашақ дипломаттарға айтарым – еліңді жаныңдай сүй, Отаныңды өміріңнен жоғары бағала, өз мақсатыңа сен, өзіңді дамытудан және тынымсыз еңбектенуден жалықпа.

– Әңгімеңізге рақмет.

Фатимабибі ДӘУЛЕТ, Қытайтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры



ҚазҰУ-да өткен «Араб тілі апталығы: Орталық Азия – Қазақстан» халықаралық семинары аймақтың білім беру кеңістігіне жаңа серпін әкелген маңызды оқиға болды. Сұлтан бин Абдулазиз Әл Сауд қайырымдылық қоры мен Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымы (ИСЕСКО) ұйымдастырған, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті серіктес болған бұл бағдарлама Қазақстанда араб тілін оқытуға деген көзқарасты жаңғыртып, оны заманауи әдістемелер, цифрлық құралдар және мәдени тұрғыдан бейімделген мазмұнмен байытудың жаңа жолдарын көрсетті. Семинарға жетекші ИСЕСКО сарапшылары, жоғары оқу орындарының оқытушылары, исламтану мен дінтану саласының жас мамандары қатысып, араб тілін оқытудың қазіргі және болашақтағы бағыттары жөнінде жан-жақты пікір алмасты.

Білім мен мәдениеттің көпірі



мыту және араб тілін мамандыққа бағытталған кәсіби тіл ретінде оқыту. Сондай-ақ семинар Орталық Азияда араб тілін оқыту бағытында халықаралық әріптестікті кеңейтудің маңызын көрсетіп, араб тілін мәдени, ғылыми және рухани деңгейде байланыстыратын көпір ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдеді.

Апталықтың ресми жабылу салтанатында ұйымдастырушылар мен қатысушыларға сертификаттар берілді. Жабылу рәсімінде Сұлтан бин Абдулазиз Әл Сауд қайырымдылық қорының бас директорының орынбасары доктор Абдулазиз әл-Мақуши, операциялар бөлімінің бастығы, доктор Сүлейман әл-Омари, философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Берікбайұлы сөз сөйледі. Жиын соңында апталықтың қарары бірауыздан қабылданды. Бұл апталықтың басты жетістігі – араб тілінің тек академиялық пән емес, мәдениеттерді жал-

нуға мүмкіндік беретін ең тиімді бағыт ретінде бағаланды. Онлайн-платформалар, мобильді қосымшалар, цифрлық кітапханалар, интерактивті тапсырмалар болашақ оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Семинардың соңғы күні аймақтық қиындықтарды сараптауға арналды. Қазақстанда араб тілін оқытуға байланысты нақты мәселелер – студенттердің мотивациясының әлсіздігі, оқу құралдарының шектеулі түрлері, мұғалімдердің бір бөлігі үшін жаңа әдістердің

Араб тілін оқыту бұған дейін көбіне классикалық тәсілдерге сүйеніп келгені жасырын емес. Дегенмен бүгінгі қоғамдағы өзгерістер, ақпараттық технологиялардың қарқыны, халықаралық білім кеңістігіне интеграцияның күшеюі бұл бағытқа мүлдем жаңа талап қойып отыр. Сол себепті семинардың алғашқы күнінен-ақ оқытушылар арасында аймақтың тілдік, мәдени және діни ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа педагогикалық модель қалыптастыру мәселесі кеңінен талқыланды. Тіл үйренушінің әлеуметтік ортасы, ұлттық мәдени коды, діни тәжірибесі, өмірлік қажеттілігі – бұлар оқыту бағдарламасын жобалауда басты факторларға айналуы тиіс екені анық айтылды.

Апталықтың ең әсерлі тұстарының бірі – араб тілі шет тілі болған аудиторияға үйретуге арналған заманауи оқу бағдарламасы таныстырылды. Коммуникативтік әдіске негізделген бұл жүйе студентті алғашқы күннен бастап тіл ортасына тартуды көздейді: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары табиғи реттілікте дамиды. Диалогтық форма, қысқа мәтіндер, аудиоматериалдар, өмірлік жағдаяттарға құрылған тапсырмалар – жаңа бағдарламаның өзегі. Мұндай тәсіл оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, араб тілін қиын деп емес, күнделікті қолданатын тірі құрал ретінде қабылдауына жол ашады.

Цифрлық технологиялардың мүмкіндігі де назардан тыс қалған жоқ. Бүгінгі студент үшін оқу аудиториямен ғана шектелмейді. Сондықтан аралас оқыту моделі – дәстүрлі сабақтың рухын сақтай отырып, цифрлық ортаның әлеуетін пайдала-



бейтаныстығы – барлығы ашық талқыланды. Дегенмен қиындықтармен қатар мүмкіндіктер де мол. Бастысы – араб тілін оқытуда аймақтың мәдени дәстүрін, ұлттық танымын, діни контекстін ескеретін ортақ модель қалыптастыру қажеттігі айқындалды. Ұсынылған шешімдердің ішінде ең маңыздылары – оқу бағдарламаларын жергілікті мәдениетке бейімдеу, исламтану мен дінтану салалары үшін арнайы тілдік модульдер әзірлеу, мұғалімдердің кәсіби даярлығын күшейту, араб тілінен енген жиі қолданылатын сөздердің сөздігін жасау, цифрлық платформаны да-

ғайтын, өркениеттерді түсіндіретін, дін мен ғылымды байланыстыратын рухани құндылық екенін кең көлемде таныта алуы. Семинардан кейін араб тілін оқытушылар жаңа міндеттермен, жаңа ойлармен және жаңа серпінмен оралды. Ендігі мақсат – осы идеяларды оқу тәжірибесіне енгізіп, Қазақстан мен Орталық Азиядағы араб тілі білімін жаңа деңгейге көтеру.

Мира БАЛТЫМОВА,
кафедра меңгерушісінің орынбасары

Назерке ЕЛЕУСІЗБАЕВА,
докторант

Жас ғалымның жарқын жеңісі



Қазақстанның жоғары білім беру кеңістігінде жас ғалымдардың кәсіби өсуіне, ғылыми ізденісіне бағытталған жобалар аз емес. Соның бірі – жыл сайын өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауы. Бұл байқауда «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» білім беру бағдарламасының студенті Ақерке Жасұлан жүлделі III орынға ие болып, республика деңгейінде мойындалған жас зерттеушілердің қатарынан көрінді. Жеңімпазға ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Т.Ешенқұлов қол қойған арнайы диплом табысталуы оның еңбегінің салмақтылығын айғақтайды.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі – қауіпсіз қоғам қалыптастыруға үлес ретінде Ақеркенің «Жасанды интеллект арқылы сейсмикалық процестердің геоэкологиялық әсерін және көпқабатты ғимараттардың тұрақтылығын бағалаудың инновациялық әдістері» атты еңбегі – тек академиялық жұмыспен шектелмейтін, практикалық маңызы зор жоба.

Қазақстан аумағының сейсмикалық белсенді аймақтарда орналасуы инженерлік ғимараттардың қауіпсіздігін бағалауда жаңа тәсілдерді қажет етеді. Жас зерттеуші дәстүрлі әдістермен қатар, жасанды интеллект, модельдеу және цифрлық болжамдау құралдарын қолдана отырып, құрылыс нысандарының сейсмикалық тұрақтылығын анықтаудың жаңа жолдарын ұсынды.

Бұл ғылыми жұмыс:

- сейсмикалық қауіпті азайтуға;
- құрылыс сапасын арттыруға;
- қала экологиясын жақсартуға;

- заманауи инновациялық технологияларды ғылымға енгізуге сеп болатын нәтижелерімен ерекшеленді.

Қазіргі кезеңде ғылым – дамушы қоғамның стратегиялық күші. Табиғатты зерттеу, техногендік қауіп-қатерлердің алдын алу, экологиялық тепе-теңдікті сақтау – барлығы ғылыми ізденіссіз мүмкін емес. Ғылым – жаңа технологиялардың дамуын; ұлттық экономиканың тұрақтылығын; табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды; қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін маңызды сала.

Жас зерттеушілердің ғылымға келуі – елдің интеллектуалдық әлеуетінің артқанын көрсететін қуанышты үрдіс.

Бүгінгі күннің басты тренді – жасанды интеллект (ЖИ). Бұл технология тек IT саласына ғана емес, экологиядан медицинаға, инженериядан білім беру жүйесіне дейін барлық бағыттарға еніп келеді.



Жасанды интеллекті меңгеру ғылыми зерттеу сапасын арттырады; үлкен көлемдегі деректерді жылдам талдауға мүмкіндік береді; зерттеушілердің уақытын үнемдейді; болжау, модельдеу және талдау жұмыстарын дәл және тиімді етеді; еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға жол ашады.

Ақеркенің жобасы – ЖИ технологиясын ғылымға сәтті енгізудің жарқын үлгісі. Мұндай дағдыларды меңгерген жас мамандар болашақта еліміздің қауіпсіздігі, технологиялық дамуы және экологиялық тұрақтылығы үшін аса қажет.

Ғылым жолы – табанды еңбек пен үздіксіз ізденісті қажет ететін күрделі, бірақ аса құрметті жол. Ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған бүгінгі заманда әрбір жас сапалы білім алуға, ғылыми жобаларға қатысуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға, өз саласында инновация енгізуге ұмтылуы қажет. Жасөспірімдер мен студенттерге «Ілім іздеу – адамды биіктететін жол. Ғылымға қадам басу – елге қызмет етудің ең озық үлгісі» екенін түсіндіру маңызды.

Ақеркенің жетістігі – жастар үшін үлкен мотивация. Ол ғылыми ортада өз орнын табуға болатынын, талпыныс пен еңбектің жарқын нәтижеге жеткізетінін дәлелдеп отыр.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының оқытушысы

Наследие профессора Шабиковой

В мире науки есть люди, чьи имена остаются в тени великих открытий, но без которых эти открытия были бы невозможны. Это педагоги-наставники, те, кто закладывает фундамент знаний и формирует личность. К числу таких выдающихся личностей относится профессор Гульжан Хасеновна Шабикова — человек, чья жизнь неразрывно связана с химическим факультетом, а ныне факультетом химии и химической технологии одного из ведущих вузов страны – КазНУ им. аль-Фараби.

Гульжан Хасеновна — это не просто преподаватель, это целая эпоха в истории отечественного химического образования. За десятилетия неустанного труда она воспитала не одно поколение специалистов. Среди её учеников — доктора наук, академики, руководители крупных производств и государственные деятели. Однако для неё всегда был важен каждый студент, независимо от его будущих регалий. Коллеги и выпускники вспоминают её как строгого, но справедливого педагога, обладавшего редким даром: объяснять сложнейшие химические процессы так, что они становились понятны и увлекательными.

Особый вклад Гульжан Хасеновна внесла в развитие национальной науки. В годы, когда ощущалась острая нехватка качественной учебной литературы на казахском языке, она взяла на себя миссию по созданию учебных пособий. Её учебники, написанные на богатом и точном родном языке, стали настольными книгами для тысяч студентов. Это был не просто перевод терминов, а адаптация сложной научной мысли под особенности национальной системы образования. Она верила, что настоящая наука начинается с понимания основ на языке матери.

Сегодня выпускники Шабиковой работают в лучших лабораториях мира и на ведущих предприятиях страны. В каж-

дом их успехе — частица её труда, её терпения и её любви к химии. Она учила своих студентов не только формулам и реакциям, но и главному — честности в труде и ответственности перед обществом. Гульжан Хасеновна Шабикова — пример того, как один человек может повлиять на развитие целой отрасли, просто честно и преданно выполняя свою работу. Её путь — это символ верности призванию и безграничного уважения к своим корням.

19 ноября на факультете химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби состоялась презентация учебника — «Физикалық химия», рекомендованного УМС МОН РК в качестве учебника для обучающихся направления подготовки кадров «053-Физические и химические науки». Автором учебника, написанного на государственном языке, является профессор кафедры физической химии, катализа и нефтехимии Гульжан Хасеновна Шабикова. Учебник был издан после ухода автора из жизни. На презентации присутствовали ППС, студенты факультета, ученики и близкие Г.Х.Шабиковой.

Заведующий кафедрой физической химии, катализа и нефтехимии проф. Е.А.Аубакиров ознакомил гостей, ППС и студентов с содержанием и структурой учебника. Учебник содержит теоретические материалы по основным разделам физической химии: за-



коны и соотношения термодинамики, учение о химическом, фазовом и адсорбционном равновесиях, основы теории растворов, химической кинетики, катализа и электрохимии, соответствует программе по курсу физическая химия для химических и химико-технологических вузов. Предназначен для бакалавров, магистрантов и преподавателей университетов, а также химических, биологических и медицинских вузов.

На мероприятии присутствовали не только именитые академики, но и те, ради кого профессор работала всю жизнь — студенты, магистранты и докторанты. Для них Гульжан Хасеновна Шабикова навсегда останется примером того, как нужно беречь и развивать интеллектуальное богатство своей страны. Учебник «Физикалық химия» теперь займет почетное место в библиотеках, становясь проводником в мир большой науки для тысяч молодых казахстанцев. Жизнь педагога продолжается в его учениках и книгах. И в этом — высшая справедливость и истинное бессмертие.

Алма ТУСУПБЕКОВА,
к.х.н., ассоц.профессор

Айсулу ЖУСУПОВА,
к.х.н., ассоц.профессор

Рыскуль АЖИГУЛОВА,
к.х.н., ст.преп. преподаватели
кафедры физической химии,
катализа и нефтехимии

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялся визит выдающегося учёного – профессора Харви Ф. Лодиша, профессора биологии и профессора биологической инженерии Массачусетского технологического института (MIT, США), сооснователя Института биомедицинских исследований Уайтхеда, члена Национальной академии наук США и автора знаменитого учебника Molecular Cell Biology, переведённого на 14 языков, электронный вариант последней версии которого он подарил библиотеке КазНУ.

Наука, инновации и международное сотрудничество

Профессор Лодиш является одним из наиболее влиятельных учёных современности, внесшим огромный вклад в развитие молекулярной биологии и биомедицины. Под его руководством подготовлено более 200 молодых исследователей, 10 из которых стали академиками, два лауреатами Нобелевской премии. Он стоял у истоков создания биотехнологических компаний Genzyme, Millennium, Tevard и Cerberus, определивших направление развития современной биотехнологической индустрии.

В рамках визита профессор Лодиш прочитал лидерскую лекцию «Новые технологии и создание успешных биотехнологических компаний для лечения болезней: личная история», где поделился опытом трансформации научных идей в реальные медицинские решения. Модератор лекции – выдающийся ученый Казахстана, академик НАН РК, директор НИИ проблем биологии и биотехнологии КазНУ Бисенбаев А.К.

Ученый подчеркнул, что связь науки с предпринимательством и вовлечение исследователей в коммерческие проекты создают основу для устойчивого развития инноваций и прогресса в здравоохранении. «Когда наука встречается с бизнесом, рождаются открытия, способные изменить жизнь миллионов людей.



Именно сотрудничество университетов, исследовательских центров и инвесторов формирует экосистему, в которой идеи превращаются в реальность», – отметил профессор Лодиш.

В рамках визита также состоялся визит в биологический музей КазНУ, который по словам профессора ничем не уступает музею науки в Бостоне. Визит профессора MIT Х.Ф. Лодиша является символом интернационализации научных исследований и укрепления партнёрства между КазНУ и ведущими исследовательскими центрами мира.

Жазира ЖУНУСБАЕВА,
к.б.н., заведующая кафедрой
молекулярной биологии

Айжан ЖУСУПОВА,
PhD, генетикиассоциированный
профессор

В течение учебного года студенты 1 курса факультета географии и природопользования активно вовлечены в проведении самостоятельных работ, основной целью которых является развитие навыков анализа, публичного выступления и осмысления глобальных проблем современности. Особое внимание уделяется темам, связанным Целями Устойчивого Развития (ЦУР), которые становятся центральными в учебных проектах и презентациях.

Одной из таких работ стала самостоятельная работа, посвященная теме «Healthy Living for Young People» (ЦУР 3 «Хорошее здоровье и благополучие»). Студенты специальностей «Туризм», «Ресторанное

От подготовки презентаций — к осознанному обучению

дело и гостиничный бизнес», «География», «Экология», «Кадастр», «Гидрология» подготовили содержательные презентации, в которых отразили современные вызовы, касающиеся здоровья молодежи.

Работа над презентациями включает подбор актуальных материалов, анализ статистики, поиск примеров из мировой практики и разработку собственных предложений по улучшению качества жизни молодых людей. Студенты проявили высокий уровень осознанности: обсуждали влияние образа жизни на здоровье, важность правильного питания, физической активности, экологи-



ческих факторов и психологического благополучия.

Во время защиты проектов состоялось живое обсуждение. Студенты задавали друг другу

вопросы, предлагали решения по улучшению условий для молодежи, дополняли доклады однокурсников. Такая форма работы помогает развивать кри-

тическое мышление и умение аргументировать свою позицию. Важно отметить, что интерес студентов был искренним: они демонстрировали не только академические знания, но и личную заинтересованность в проблематике здоровья и устойчивого развития. Многие отмечали, что подготовка презентаций позволила им по-новому взглянуть на привычные аспекты повседневной жизни.

Такие мероприятия, ориентированные на ЦУР, становятся не просто учебным заданием, а шагом к формированию активной, ответственной и экологически сознательной личности. Такой подход помогает студентам не только расширять кругозор, но и готовить их к будущей профессиональной деятельности.

Салтанат АБДИНАЗАРОВА,
старший преподаватель
кафедры иностранных языков

Сағдат Тәжібаева 1956 жылы 2 қаңтарда Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында дүниеге келді. 1979 жылы ҚазМУ-дың химия факультетін бітіріп, 1980 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да инженер, ғылыми қызметкер, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарып келеді. 2009-10 оқу жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Саналы ғұмырын жоғары білім мен ғылым саласына арнап, химия ғылымының, оның ішінде коллоидтық химияның дамуына елеулі үлес қосқан білікті ұстаз, тәжірибелі ғалым ретінде зор құрметке ие. 2008 және 2015 жылдары екі рет «ЖОО-ның үздік оқытушысы» гранты, 2006 жылы «ҚР ғылымы мен техникасының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар» стипендиясы, 2019 жылы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, 2024 жылы «FARABI» медалі және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Білікті ұстаз, тәжірибелі ғалым

1989 жылы «Полиэтилен-миннің металл иондары және беттік активті заттармен комплекс түзуі» тақырыбында кандидаттық диссертация, ал 2007 жылы «Биодисперсиялардың коллоидты-химиялық қасиеттері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Қазіргі ғылыми зерттеулері өндірістің қалдық суларын мұнайдан, ауыр металл иондарынан және беттік-активті заттардан тазартуға және антиэйджингтік тағамдық жүйелер, биоыдырағыш орамалар алуға арналған. Бұл бағыттағы зерттеулер Сағдат Медербекқызының басшылығымен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын ғылыми жобалар шеңберінде орындалады. Жалпы, С.Тәжі-

баеваның ғылыми зерттеулерінің және оқу-әдістемелік жұмыстарының нәтижелері бойынша 300-ден астам еңбек жарық көрген, оның ішінде 20-сы – авторлық куәліктер мен патенттер. Оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметтегі жоғары белсенділігі, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын әзірлеуге сіңірген еңбегі, сондай-ақ ғылыми-зерттеу саласындағы табысты жұмыстары университеттің дамуына және білім беру сапасының артуына бағытталған жүйелі әрі жемісті қызметінің айқын көрінісі.

Профессор білім беру ісіндегі жаһандану және халықаралық ынтымақтастықтың дамуына елеулі үлес қосып келеді. 2009-23 жылдары Лондон уни-

верситет-колледжінде, Сегед (Венгрия), Кадис (Испания), Валенсия (Испания) университеттерінде және Бельгияның Modern Education and Research Institute білім беру орталығында оқытудың инновациялық әдістері бойынша кәсіби тәжірибе алмасып келді. Осы ынтымақтастық нәтижесінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен магистранттар даярлау туралы қосдипломдық бағдарлама және Қытайдың «Синькан» ауыл шаруашылығын дамыту компаниясымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы келісімшарт жасалды.

Сағдат Медербекқызы үш тілде сабақ беретін жоғары деңгейлі оқытушы. Ол бака-

лавриат, магистратура және PhD-докторантурада жалпы және арнайы курстар бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дәріс береді. Соңғы жылдары ашылған жаңа мамандықтарға арнап қазақ тілінде «Беттік-активті заттар және табиғи дифильді құрылымдар», «Беттік-активті заттардың алыну және қолданылу технологиясы» оқу құралдарын және PhD, магистратура студенттеріне арнап «Коллоидная химия биодисперсий», «Химиялық энзимология негіздері» атты оқу құралдарын дайындады. Профессор Scopus базасына кіретін Technology audit and production reserves журналының редакциялық алқасының «Химиялық технология» бойынша мүшесі және



PhD докторантураның «Химия» мамандығының білім беру бағдарламасының үйлестірушісі ретінде Академиялық комитет мүшесі.

С.Тәжібаева ғылыми зерттеушілік және педагогикалық жұмыстармен қатар, факультет пен кафедраның қоғамдық өміріне белсене қатысады. Ол 1999-2011 жылдары «ҚазҰУ хабаршысы» журналының «Химия» сериясының жауапты хатшысы, 2011-24 жылдары «Химия» және «Химиялық технология» мамандықтары бойынша PhD-докторлық диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңестің ғалым-хатшысы міндетін атқарды. Ұлағатты ұстаздың терең білімімен сусындаған әрі оның жетекшілігімен кандидаттық және докторлық қорғаған шәкірттері бүгінде еліміздің көптеген ЖОО-ларында оқу процестерін және ғылыми мекемелерде ғылыми жұмыстарды одан әрі дамытуда үлкен үлес қосуда.

Аяулы ұстазымыздың 70 жасы, ғылым мен білім жолындағы 45 жылдық қызметімен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ та жарқын ғұмыр, шаңырағына тыныштық пен бақ-береке тілейміз. Жасаған барлық еңбегіңіз әрқашан ел игілігіне айналып, алдағы уақытта да табысты жалғасын таба берсін дегіміз келеді.

Бақыт ТҮСІПОВА,
Аналитикалық,
коллоидтық химия және сирек
элементтер технологиясы
кафедрасының доценті, х.ғ.к.

Жадыра ТӘТТІБАЕВА,
PhD, аға оқытушы

Қазақстан және БАӘ университеттерінің ынтымақтастығы аясында ұйымдастырылған халықаралық форумда цифрлық экономиканы дамыту және жасанды интеллектті пайдалану жай-күйі талқыланды.

Дубайдың Murdoch университетінде Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің жетекші университеттерінің өкілдерін біріктірген «Қазақстан және БАӘ арасындағы экономикалық әріптестік: цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріндегі тұрақты даму стратегиялары» тақырыбында халықаралық форум болып өтті. Іс-шара тәжірибе алмасу және экономиканы цифрландыруды дамытудың өзекті мәселелерін талқылау, сондай-ақ екі елдің жоғары білім беру және ғылыми зерттеулер жүйесіне жасанды интеллект (AI) технологияларын енгізу үшін маңызды алаңға айналды.

Форум аясында қатысушылар цифрлық трансформацияның негізгі трендтерін, жаңа технологиялардың экономикалық өсуге әсерін және болашақ экономикасына кадрлар даярлау мәселесін талқылады. Университеттердің цифрлық экономика жағдайында жұмыс істей алатын білім, инновация және мамандар даярлау орталықтары ретіндегі рөліне ерекше назар аударылды. Қазақ-

Цифрлық экономика және жи

стан мен БАӘ сарапшылары цифрлық дамудың ұлттық стратегиялары, білім беру бағдарламаларына AI енгізу тәжірибесі, сондай-ақ ғылыми зерттеулерде зияткерлік жүйелерді қолдану, деректерді талдау және білім беру процестерін басқару туралы баяндамалар жасалды. Талқылау барысында тараптар университетаралық ынтымақтастықтың, бірлескен ғылыми жобалардың және академиялық ұтқырлықтың маңыздылығын атап өтті. Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жасанды интеллект, үлкен деректер және цифрлық платформалар саласында зерттеулер жүргізу, сондай-ақ университеттерді цифрлық басқару саласындағы үздік тәжірибелермен алмасу перспективалары қарастырылды.

Форум қатысушылары ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды және жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктеріне де тоқталды. Т.Балтабай «Цифрлық технологиялар дәуірінде климаттық құбылыстардың азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін бағалау» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашылар құрғақшылықтың өсіміне, температуралық режимдердің өзгеруіне



және су ресурстарының тапшылығына тап болған Қазақстанға цифрлық технологияларды енгізу аграрлық секторды орнықты дамытудың маңызды құралына айналатынын атап өтті. Өнімділікті болжау, топырақ пен дақылдардың жай-күйін бақылау, суды пайдалануды оңтайландыру және ауыл шаруашылығы өндірісін климаттық тәуекелдерге бейімдеу үшін интеллектуалды жүйелерді пайдалану мүмкіндіктері талқыланды.

Доцент-зерттеуші Лейла Әбдрашқызы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми зерттеулер жүргізуде университет ғалымдарының суперкомпьютерді пайдалану мүмкіндігі бар екеніне арнайы тоқталды. Жо-

ғары өнімді есептеу ресурстары ғалымдарға жасанды интеллект, үлкен деректерді талдау, климаттық зерттеулер, экономика және агротехнология саласында күрделі есептеулер мен модельдеулер жүргізуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Суперкомпьютерді қолдану ғылыми дамуды едәуір жеделдетеді, болжамдардың дәлдігін жақсартады және пәнаралық зерттеулердің дамуына ықпал етеді. БАӘ тарапы жоғары өнімді есептеу саласында тәжірибе алмасуға және экономика мен ғылымның қолданбалы міндеттерін шешу үшін суперкомпьютерлік технологияларды пайдалануға қызығушылық білдірді. Форумға қатысушылар жасанды

интеллект әлеуетін, суперкомпьютерлік қуаттарды және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты біріктіру орнықты даму, инновациялар және жоғары білікті мамандарды даярлау үшін жаңа перспективалар ашатынын атап өтті.

Форум қорытындысы бойынша қатысушылар Қазақстан мен БАӘ университеттері арасындағы әріптестікті одан әрі нығайтуға мүдделі екендігі және мұндай іс-шаралар халықаралық диалогты кеңейтуге, ғылыми және білім беру қауымдастықтарын жақындастыруға әрі жаһандық цифрлық трансформация жағдайында тұрақты байланыстарды қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді. Бұл форум екі елдің цифрлық экономиканы бірлесіп дамытуға және жасанды интеллект әлеуетін тиімді пайдалануға деген ортақ қызығушылығын растай отырып, білім, ғылым және инновациялар саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту жолындағы маңызды қадам болды.

Лейла БИМЕНДИЕВА,
Әсем ҚАЛИЕВА,
Экономика және бизнес
жоғары мектебінің
доцент-зерттеушілері

Тіл – ұлттың жадын сақтайтын рухани код, ал жазу – сол жақтың ғасырлар бойғы куәгері. Түркі тілдерінің әлемдік күніне орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Төл жазуың – төлқұжатың» атты ғылыми-танымдық іс-шара өтті.

Аталған тағылымды басқосуды ҚазҰУ-дың Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты мен филология факультетінің Түркітану және тіл теориясы кафедрасы бірлесе ұйымдастырды. Іс-шараның мазмұндық деңгейін арттыруға институт директоры Нұрсұлу Жамалбекқызы ерекше мән беріп, жиынның ғылыми бағытта жүйелі өтуіне жетекшілік етті. Шараға Түркітану және тіл теориясы кафедрасының доценті м.а., PhD докторы Шынарай Дүбірқызының жетекшілігіндегі жас түркітанушылардың «Bengu iz» ғылыми үйірмесінің мүшелері мен «Түркітану» мамандығы бойынша білім алып жатқан 1-4 курс студенттері, магистранттар мен докторанттар белсене қатысты. Жас зерттеушілер үшін бұл жиын

Төл жазуың – төлқұжатың

тек тыңдау алаңы ғана емес, өз ғылыми ізденістерін ортаға салатын маңызды тәжірибе алаңы болды.

Іс-шараның басты мақсаты – түркі тілдерінің әлемдік өркениеттегі орнын айқындау, олардың ішкі құрылымдық тереңдігін, тарихи сабақтастығын таныту, көне түркі жазба ескерткіштерінен бүгінгі заманға дейінгі даму үдерісін жүйелі түрде түсіндіру. Сонымен қатар түркітану ғылымында әлі де зерттелуі тиіс, түйіні тарқатылмаған өзекті мәселелерге жас ізденушілердің назарын аудару көзделді.

Ғылыми кездесуге халықаралық сипат берген шетелдік қонақтар да болды. Атап айтқанда Өзбекстан Республикасы Шароф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті Ургут филиалының профессор-оқытушылар құрамы – Тілдерді оқыту кафедрасының меңгерушісі, доцент Бегали Мардиев, доцент Акбархон Асраров пен доцент



Улугбек Санакулов арнайы қатысып, түркі халықтарына ортақ тілдік және әдеби құндылықтар жайында мазмұнды пікірлерімен бөлісті.

Шетелдік ғалым, доцент Акбархон Асраров өз баяндамасында түркі тілдерінің туыстығы, олардың генетикалық,

географиялық және тарихи даму сатылары, сондай-ақ қазақ пен өзбек тілдері мен әдебиеттеріндегі ортақ белгілер мен ықпалдастық мәселелеріне жан-жақты тоқталды.

Іс-шара барысында жас түркітанушылар түркі тілдерін оқыту мен насихаттауға бағыт-

талған авторлық жобаларын таныстырды. Ұсынылған платформалар көне түркі тілін меңгертуді жеңілдету, түркі халықтарының ұлттық киім атауларын салыстыра көрсету, фотома-териалдар арқылы олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау мақсатында әзірленген. Бұл жобалар жас-тардың ғылыми ізденіске тың көзқараспен қарай алатынын көрсетті.

Сонымен қатар білімгерлер арасында интеллектуалдық сайыс ұйымдастырылып, қатысушылардың тіл тарихы мен түркі өркениетіне қатысты білімдері сынға түсті. Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орын иегерлері анықталып, жеңімпаздарға ҚазҰУ логотипі бейнеленген естелік сыйлықтар табысталды.

Осындай ғылыми-танымдық іс-шаралар жас ұрпақтың түркі мұрасына деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық сананы нығайтуға, түркітану ғылымының болашақ дамуына серпін беретіні анық.

**Қанат ӘШІРҚҰЛОВ,
Шынарай БҮРКІТБАЕВА,**
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

Елімізде іске асып жатқан «Дінаралық диалогты ілгерілету және ұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері және мәдени өзара әрекеттестік платформасын құру» атты ғылыми жоба аясында Өзбекстанға ғылыми іссапар ұйымдастырылды. Жобаның ғылыми жетекшісі – Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті Кәкімжан Мұратжанұлы.

Іссапар барысында Бұхара мемлекеттік университетінде бірқатар академиялық іс-шаралар өтті. Атап айтқанда: «Қазіргі дін және дінтану мәсе-